

БЕКІТЕМІН

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан
аграрлық-техникалық университетінің
басқарма төрағасы-ректоры

А.М.Наметов

« 02 » 09 2022 ж.



БӨЛІМ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ БАСҚАРМАСЫ

СМЖ.07.БЕ.15

№ 02 басылым

№ ____ дана

Дайындалды: 01.09.2022 Богданкина И.В. 	Келісілді: 05.09.2022 Таубаев Ө.Б. Таскалиев Е.К. Ихсанов Е.Б. Алмагамбетова М.Ж.	Енгізілді: 09.09.2022 10.09.2022 ж. СМЖ.07 БЕ.15 орнына Қайта қаралуы: 09.09.2025
---	---	--

Мазмұны:

1. Жалпы ережелер
2. Құрылымы және штат
3. Мақсаты және негізгі міндеттер
4. Қызметі
5. Құқығы
6. Жұмыс ұйымдастырылуы
7. Басқа құрылымдық бөлімшелерімен байланыс
8. Жауапкершілік
9. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілу мерзімі	Бет саны	Дайындаған	
			Аты-жөні	Қолы

1 Жалпы ережелер

1.1 Стратегиялық даму және талдау басқармасы (әрі қарай – СДж/еТБ) университеттің құрылымдық бөлімі болып табылады және қызметінде университеттің басқа да құрылымдары мен біріге отырып стратегиялық жоспарлау бойынша қызмет етеді.

1.2 Өз қызметінде СДж/еТБ ҚР "Білім туралы" Заңын, ҚР БҒМ, ҚР АШМ нормативтік құжаттарын, ішкі нормативтік және өкімдік құжаттарды басшылыққа алады, сондай - ақ осы Ережемен реттеледі.

1.3 СДж/еТБ басқарма төрағасы - ректордың бұйрығымен құрылады және тарайды.

1.4 СДж/еТБ қызметі кәсіптік құзыреттілік, заңдылық және университеттің басқа құрылымдық бөлімшелермен және іскерлік өзара әрекеттестік қағидаларына негізделінеді.

1.5 СДж/еТБ университеттің басқарма төрағасының бірінші орынбасары, стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректорына бағынады.

2 Құрылымы және штат

2.1 СДж/еТБ құрылымы және штаты ректор бұйрығымен бекітілді

2.2 Штаттық құрамы:

1. Басшы – 1 бірлік

2. Жетекші сарапшы – 2 бірлік

2.3 Басқарма құрылымына студенттер контингентін қалыптастыру орталығы (СКҚО) кіреді.

3 Мақсаты және негізгі міндеттер

3.1 Мақсаты – университеттің даму стратегиясын әзірлеу мен қалыптастыруды ұйымдастыру және оны жүзеге асыру бойынша құрылымдық бөлімшелердің қызметін үйлестіру, сондай-ақ жоспарлы-экономикалық жұмысты ұйымдастыру және жүйелі түрде жетілдіру.

3.2 Негізгі міндеттер:

3.2.1 Университетте білім беру мен салаларды дамытудың мемлекеттік саясатын жүзеге асыру және қызметті тиімді жүргізу қағидаттарында Стратегиялық жоспарлау жүйесін қалыптастыру; оның қызметін талдау;

3.2.2 Университеттің ағымдағы жағдайы, даму динамикасы, даму бағдарламаларын іске асыру нәтижелері туралы ақпаратты жинау, жинақтау, өңдеу және талдауды жүзеге асыру;

3.2.3 Университеттің және саланың негізгі даму үрдістеріне сәйкес университеттің стратегиялық құжаттарын қалыптастыру;

3.2.4 Университеттің даму стратегиясын жүзеге асыру мониторингі және үйлестіру;

3.2.5 Университеттің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін түзету және алдын алу іс-әрекеттерін жоспарлау, ұйымдастыру және мониторинг жүргізу;

3.2.6 Персоналды көтермелеудің тиімді жүйесін қалыптастыру;

3.2.7 Корпоративтік басқару қағидаттарында университет қызметкерлерінің стратегиялық ойлау мәдениетін дамыту;

3.2.8 Саланың жағдайы мен даму үрдістерін талдау негізінде университеттің бірыңғай экономикалық саясатын қалыптастыру;

3.2.9 Өндіріс және қызмет көрсету процесінде ресурстардың барлық түрлерін тиімді пайдалануға бағытталған экономикалық жоспарлау;

3.2.10 Университеттің экономикалық жағдайын талдау;

3.2.11 Университеттің экономикалық дамуының перспективалық және қысқа мерзімді болжамдарының бағдарламаларын әзірлеуді ұйымдастыру және әдістемелік қамтамасыз ету;

3.2.12 Университет қызметін жүзеге асыруға арналған шығыстарды жоспарлау тұжырымдамасын жетілдіру.

4 Қызметі

4.1 Университеттің дамуына әсер ететін ішкі ресурстар мен сыртқы факторларды талдау, талдау негізінде шешім қабылдауды қолдау;

4.2 Университеттің құрылымдық бөлімшелері шығаратын стратегиялық бастамаларды ЖОО-ның даму стратегиясына сәйкестігін талдау;

4.3 Университет бөлімшелерінің стратегиялық жоспарларын, даму бағдарламаларын қалыптастыруды кеңес беру және әдістемелік қамтамасыз ету;

4.4 Университеттің даму стратегиясының негізгі бағыттарын үйлестіру және мониторингілеу;

4.5 Университеттің Даму стратегиясы мен құрылымдық бөлімшелердің даму бағдарламаларының индикаторлары мен көрсеткіштерін талдау және бағалау;

4.6 Университеттің стратегиялық дамуы бойынша іс-шаралардың орындалу тиімділігін бағалау және университеттің ішкі және сыртқы ресурстарын пайдалану, оның нәтижелері бойынша аналитикалық есептілікті дайындау және анықталған ауытқулар бойынша түзету іс-шараларын әзірлеу;

4.7 Университет стратегиясын жүзеге асыру бойынша іс-шаралардың орындалмау себептерін талдау, сондай-ақ оларды еңсеру бойынша ұсыныстарды әзірлеу;

4.8 Брендті қалыптастыруды қоса алғанда, университет имиджін қалыптастыру және танымал ету бойынша жұмыстарды әзірлеу және ұйымдастыру;

4.9 Басқарма қызметінің бағыттары бойынша Университеттің веб-сайтында жоғары сапалы және уақытылы ақпаратты қамтамасыз ету;

4.10 Білім беру, ғылыми-зерттеу және инновациялық қызмет (салалық бағыттағы) саласындағы мемлекеттік саясат басымдықтарының мониторингі;

4.11 Стратегиялық жоспарлау процесін, оның ішінде құрылымдық бөлімшелер және қызмет бағыттары деңгейінде ұйымдастыру;

4.12 Университеттің даму бағдарламалары іс-шараларының орындалу тиімділігін бағалау және университеттің ішкі және сыртқы ресурстарын пайдалану, оның нәтижелері бойынша аналитикалық есептілікті дайындау және анықталған ауытқулар бойынша түзету іс-шараларын әзірлеу;

4.13 Халықаралық рейтингтердің критерийлерін зерттеу және университеттің ішкі рейтингіне сәйкес келу жолдарын іздеу;

4.14 Білім беру жүйесін дамытудың шетелдік тәжірибесін зерделеу, жоғары оқу орындарын халықаралық саралау бойынша талаптарды талдау және оларды университет қызметіне енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу;

4.15 Оқытушылар мен құрылымдық бөлімшелер жұмысының тиімділік деңгейін бағалау және бақылау үшін КРІ әзірлеу;

4.16 Стратегиялық жоспарлау процесін цифрландыруды енгізу;

4.17 Кірістер мен шығыстардың болжамын әзірлеу, шығыстар мен кірістердің сметасын жасау және бақылау;

4.18 Университеттің даму жоспарын әзірлеу;

4.19 Университет жұмысының барлық экономикалық көрсеткіштері бойынша статистикалық есеп жүргізу, белгіленген мерзімде мерзімдік есеп дайындау және статистикалық материалдарды жүйелеу;

4.20 Қаржыландыру көздерін талдау;

4.21 Еңбекақы төлеуге арналған қаражаттың бюджеттік қаржыландыру және бюджеттен тыс жұмыскерлердің санаттары мен бөлімшелері бойынша орындалуын бақылау.

5 Құқығы

5.1 СДж/еТБ-ға өз функцияларын орындау үшін қажетті барлық құқықтар мен өкілеттіктер беріледі. СДж/еТБ-ның құқықтары мен өкілеттіктерін басқарма бастығы жүзеге асырады, олар оның лауазымдық нұсқаулығымен айқындалады.

5.2 Басқарманың құқығы бар:

5.2.1 Университеттің барлық құрылымдық бөлімшелерден жұмыс үшін қажетті ақпаратты сұрату және алу;

5.2.2 Университет басшылығымен келісім бойынша қажетті құжаттардың нысандарын ресімдеу және жасау ережелерін белгілеу;

5.2.3 Өкілеттілік шеңберінде университет басшылығына құжаттар жобасын дайындау және ұсыну;

5.2.4 Семинарларға, конференцияларға және кеңестерге қатысу.

6 Жұмыс ұйымдастырылуы

6.1 СДж/еТБ өз қызметін осы Ережеге сәйкес және университеттің стратегиялық және ағымдағы жоспарлары және басқарма негізінде жүзеге асырады.

6.2 СДж/еТБ құжаттарды бекітілген істер номенклатурасына сай жүргізеді.

6.3 СДж/еТБ тиімді жұмыс жасау үшін қажетті қормен (жай, жиһаз, оргтехникасы және т.б.) қамтамасыз етіледі.

7 Басқа құрылымдық бөлімшелерімен байланыс

СДж/еТБ Стратегиялық жоспарлау мәселелері бойынша университеттің барлық құрылымдық бөлімшелерімен жұмыс іс-қимыл жасайды.

8 Жауапкершілік

СДж/еТБ қызметкерлері жауапты:

8.1 Негізгі лауазымдық нұсқау бойынша өзінің лауазымдық міндеттерін атқармағаны (немесе дұрыс атқармаған) үшін ҚР қазіргі іс жүзіндегі еңбек заңдарында анықталған;

8.2 Өз қызметін атқара отырып заңды бұзғаны үшін ҚР қазіргі заң шегінде әкімгілік, қылмыстық және азаматтық заңдарына шектеле;

8.3 Материалдық мүлікті зиян келтірген үшін ҚР қазіргі еңбек, қылмыстық және азаматтық заңдарында анықталған шегінде жауапты болады.

9 Сілтемелер

1 ҚР Еңбек кодексі 23.11.2015 ж. № 414-V

2 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 27.07.2007 ж. № 319

3 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 18.11.2015 ж. № 410-V

4 «Жәңгір хан атындағы БҚАТУ» КЕАҚ Жарғысы